Шығыс № 09-269
2026 ж. 13 02
Қолы

"Бекітемін"
Өндіріс жөніндегі
басқарушы директор
А.Б. Туганбаев
"13" 02 2026 г.

№ 3 ХАТТАМА
«ТАЭТК» АҚ техникалық кеңесі

г. Талдыкорган **11 ақпан 2026 жыл**

Қатысқандар:
Өндіріс жөніндегі басқарушы директор Туганбаев А.Б.
Техникалық даму жөніндегі директор Медетбеков А.А.
ӨТҚ бастығы Қалмақбаев Д.Д.
СжТҚҚ бастығының орынбасары Мустабеков М.Б.
МӨДЦ бастығы Мырзабек Д.С.
САжӨҚБ бастығы Иманбалина К.Ж.

КҮН ТӘРТІБІ:

Техникалық кеңестің қарауына келесі мәселелер енгізілді:

1. Панфилов аудандық электр желілер филиалының аумағында ғимаратты жөндеу, аумақты абаттандыру, қоршау мен қақпаларды ауыстыру туралы.
2. Металл өнімдерін дайындау цехын көшіруге байланысты шығындар туралы.
3. Қызметкерлерді қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету туралы.

Күн тәртібі мәселесі бойынша сөз сөйлеген:

- Өндіріс жөніндегі басқарушы директор Туганбаев А.Б. - Панфилов аудандық электр желілер филиалының аумағындағы ғимараттың, аумақтың, сондай-ақ қоршау мен қақпалардың техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз екенін баяндады. Олардың тозуына байланысты ғимаратқа жөндеу жұмыстарын жүргізу, аумақты ретке келтіру және қоршау мен қақпаларды жаңасына ауыстыру қажеттілігі туындағанын жеткізді. Аталған жұмыстар қауіпсіздік талаптарын сақтау, мүліктің сақталуын қамтамасыз ету және өндірістік тәртіпті күшейту мақсатында жүргізілетіні атап өтілді.

- Өндіріс жөніндегі басқарушы директор Туганбаев А.Б. - өндірістік процестің тиімділігін арттыру, жұмыс орындарын оңтайландыру және өндірістік алаңдарды ұтымды пайдалану мақсатында металл өнімдерін дайынлау цехын көшіру қажеттілігі туындағанын хабарлады. Цехты көшіру өндірістік процестің ұйымдастырылуын жақсартуға және еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретіні атап өтілді.

- СжТҚҚ бастығының орынбасары Мустабеков М.Б. - «ТАЭТК» АҚ қызметкерлерді жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету бойынша

жүргізілген тексеру нәтижесінде қолданыстағы еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі талаптарына сәйкес қорғаныс құралдарының жеткіліксіздігі анықталғанын баяндады. Осыған байланысты қызметкерлерді толық қамтамасыз ету мақсатында қосымша сатып алу жүргізу қажеттілігі бар екенін жеткізді.

- Техникалық даму жөніндегі директор Медетбеков А.А. - 2026 жылға арналған жөндеу пайдалану қызметінің жоспары шеңберінде материалдарды сатып алу қорытындысы бойынша 94 095 317,92 (тоқсан төрт миллион тоқсан бес мың үш жүз он жеті теңге 92 тиын) мөлшерінде қаражат үнемделгенін хабарлады. Аталған үнемделген қаражатты Панфилов АЭЖ филиалының аумағындағы ғимаратты жөндеу, аумақты абаттандыру, қоршау мен қақпаларды ауыстыру жұмыстарына, сондай-ақ металл өнімдерін дайындау цехын көшіруге байланысты шығындарға және қорғаныс құралдарын сатып алуға бағыттауға мүмкіндік бар екені атап өтілді.

Тапсырма берілді:

- Панфилов АЭЖ филиалының бастығы аумағындағы ғимаратты жөндеу, аумақты абаттандыру, қоршау мен қақпаларды ауыстыру бойынша жұмыстардың көлемін айқындап, шығындардың толық есебін дайындап, сатып алу бөліміне ұсыну.

- МӨДЦ бастығына цехты көшіруге байланысты барлық шығындардың толық және негізделген есебін әзірлеп, сатып алу бөліміне белгіленген тәртіппен ұсыну.

- СжТҚҚ қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес қорғаныс құралдарына нақты қажеттілікті айқындап, толық есеп дайындап, сатып алу бөліміне жолдау.

- САжӨҚБ бастығы ұсынылған есептер негізінде коммерциялық ұсыныстар сұрату.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес сатып алу рәсімдерін портал арқылы ұйымдастыру.

2026 жылға арналған жөндеу пайдалану қызметінің жоспары бойынша қалыптасқан **94 095 317,92 теңге** көлеміндегі үнемделген қаражат есебінен сатып алуды жүзеге асыру.

Барлық шығындар материалдарды сатып алу нәтижесінде қалыптасқан үнемделген қаражат есебінен жүргізілсін.

Техникалық даму жөніндегі директор	**Медетбеков А.А.**
ӨТҚ бастығы	**Қалмақбаев Д.Д.**
СжТҚҚ бастығының орынбасары	**Мустабеков М.Б.**
МӨДЦ бастығы	**Мырзабек Д.С.**
САжӨҚБ бастығы	**Иманбалина К.Ж.**